

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2016 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1153 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 31 қазандағы № 639 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2016 жылға арналған жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1153 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 83-84, 596-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2016 жылға арналған жоспарында:

реттік нөмірлері 17-1 және 17-2-жолдар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 21-2-1 және 21-2-2-жолдармен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«

21-2-1	Пробация туралы	ПМ	тамыз	қыркүйек	қазан	Б.Б. Бисенқұлов
21-2-2	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пробация мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ПМ	тамыз	қыркүйек	қазан	Б.Б. Бисенқұлов

»

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі Б. Сағынтаев